


«Тәуелсіздік-бақыт жолы»



«Шығармашылық білім беру бағдарламалары» кафедрасының 2020-2021 оқу жылына жоспарланған кәсіби бағдар жұмысының жоспарына сәйкес «Бейнелеу өнері және сызу», «Кәсіптік оқыту» мамандықтары бойынша Желтоқсан айында «Тәуелсіздік-бақыт жолы» - атты сурет салу конкурсы бойынша қалалық оқушылар арасында байқау жарияланған болатын.

Байқаудың мақсаты: қаламыздағы мектеп оқушыларының арасындағы талантты жастарды анықтау, талантты жас суретшілерді болашақта осы мамандыққа қызығушылығын арттырып, мектеп түлектерін университетімізге тарту. Қатысушы үміткерлердің жұмыстары 16 желтоқсан мен 30 желтоқсан аралығында электронды түрде қабылданды.

«Шығармашылық білім беру бағдарламалары» кафедрасының ұйымдастыруымен 31

желтоқсан 2020 жылы ZOOM платформасы арқылы «Тәуелсіздік-бакыт жолы» байқаудың қорытындысы бойынша конкурстың жабылу салтанатына барлық қатысушылар шақырылды, сонымен қатар университеттің оқу ісі және тәрбие ісі жөніндегі проректоры PhD докторы Укибаева Г.К., Гуманитарлық педагогикалық институтының директоры гуманитарлық ғылымдарының магистрі Хамитова Ә.А. «Шығармашылық білім беру бағдарламалары» кафедрасының меңгерушісінің міндетін атқарушы 6M010800 - «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі Нурмағанбетова Р.К., педагогика ғылымдарының магистрі Уксикбаева К.М. кафедрасының аға лаборанты Абенова Р. және кафедрасының оқытушылары шақырылды.

Іс-шарада Гуманитарлық педагогикалық институтының директоры Хамитова Ә.А. сөз сөйледі, әнұранмен жалғасты, қатысушылардың суреттерінен демонстрациямен шағын көрме көрсетілді.

Іс - шараға қатысып өздіктері ішінен көрінген Кенжебек Ерболат бас жүлде, Шайхан Әлихан, Жүсіп Айша 1 орын алды. Шинтемир Салтанат, Садуақасова Диана, Сыбанбек Ботағоз 2 орын алса, үшінші орынды Ислам Елтан, Ерасыл Маратұлы, Мүкәтай Әліби, Мүкәш Айым иеленді. Қалған қатысушылар және жетекшілері алғыс хатпен марапатталды.

Мектеп оқушылары шығармашылық мамандықтар туралы біраз мағлұмат алды. Марапаттау іс-шара өте қызықты өтті.